

**ISSN 1999-4214**

**ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК BULLETIN**

**ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА**

**OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE**

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
**Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY Series**

**№ 1/2022**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2022  
Нур-Султан, 2022  
Nur-Sultan, 2022

**Бас редакторы Дауренбекова Л.Н.**  
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

**Жаупаты редактор Алимбаев А.Е.**  
*Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан*

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	ф.ғ.к., доцент Ә. Бекейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жұсіпов Н.Қ.</b>	ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	ф.ғ.д., проф., Алишер Наваи атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933: E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы  
Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды.  
Тіркеу № KZ92VPTY00046970 17.03.2022  
Басылған 25.03.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қазақ оғсесттік Көлемі. БТ.  
Тараалымы 200 дана. Багасы көлісім бойынша. Тапсырыс № 88  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,  
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-  
Султан, Казахстан

#### **Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Курысжан Л.А.</b>	д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфуллина Ф.С.</b>	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7122) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на  
переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 25.03.2022ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типogr.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 88

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*Editor-in-Chie **Alimbayev A.E.***  
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### *Editorial Board*

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkepova K.K.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabek D.</b>	D.Ph.Sc., Professor , L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Kartayeva A.M.</b>	D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan
<b>Kuryszhan L.A.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seul, South Korea
<b>Oner M.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg,RF
<b>Seifullina F.S.</b>	D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan,Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7122) 561 933: E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caum: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. Series -PHILOLOGY

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 25.03.2022 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 88

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## **МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS**

### **ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS**

- AMANGAZYKYZY M., MODELS OF WORLD CAPITALS IN THE PROSE OF THE SAYFULINA F.S.** ..... XXIst CENTURY ..... 6

- БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК КОНТАКТИЛЕР: КӨПТІЛДІ МЕНГЕРГЕН ЖАСТАР ТІЛІ ..... 12

- ДОСМАИЛОВА А.Н.** ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕФИНИЦИЯНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-КОГНИТИВТІК СИПАТЫ ..... 21

- ОСПАНОВА Ж.Т.** ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В НЕМЕЦКОМ ЯЗЫКЕ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19 ..... 31

### **ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES**

- ABDUOVA B.S., ASANOVA U.O., ASHENOVA A.T.** BLUE WOLF AS TOTEM AND IDEAL-ARTISTIC SPIRIT IN THE SPIRITUAL WORLD OF THE KAZAKH PEOPLE ..... 39

- АДАЕВА Е.С., СУЛТАНОВА А.** КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК ӨРІС (Мұхтар Мағаиннің «Қыпшак аруы» романы негізінде) ..... 49

- ЖУМСАКБАЕВ А.Т., НУРГАЛИ К.Р.** ЗАРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОГО ТЕАТРА И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ДРАМАТУРГИИ ..... 61

- БАЙТАНАСОВА Қ.М., ҚҰС КИЕСІ: ҮКІНІҢ ӘЛЕМ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРНЫ.... ТӘЛЕН Ә.М.** 73

- ОМАРОВА С.М.** ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН ..... 84

**С.М. ОМАРОВА** 

Астана халықаралық университеті (AIU), Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(e-mail: [o.saule@mail.ru](mailto:o.saule@mail.ru))

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН**

**Андратпа.** Мақалада түркі халықтар әдебиетінің ұлы ойшылдары Н. Ганжауи, Ә.Науай, А.Құнанбайұлының шығармаларындағы дидактикалық сарындар қарастырылған. Ақындардың оқуға, жан-жақты білім алу және ақыл-ойды дамыту, адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіру мәселелері салыстырыла отырып, талданады. Қоғамды жас ұрпақты еңбексүйгіштік, гуманизм, отансүйгіштік, мейірімділік, шыншылдық, әділдік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттермен тәрбиелеуге бағытталған ғибратты ғазалдары, философиялық ойлары айқындалады. Дидактикалық жанрға жататын ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармаларда көркем сурет пен бейнелеуден гөрі байлам, пікір, тұжырым, өсиет, уағыз, насиҳат басым болатындығына назар аударылады. Сондай-ақ, азіrbайжан, өзбек халқының мемлекет кайраткері, әрі кеменгер ойшылдары Н.Ганжауи мен Ә.Науайді қазақ поэзиясының шыңы, данышпан ақын Абай Құнанбаев өзіне ұстаз ретінде танып, олардың інжу-маржандарынан рухани нәр алғандығы айтылады. Қазақ әдебиетінде Абайдың «Қарасөздері» мен поэмалары шығыстық дидактикалық шығармалардың дәстүрлі жалғасы екендігі мысалдармен дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** отансүйгіштік, мейірімділік, мейірімділік, шыншылдық, әділеттілік, адалдық, дидактикалық сарын, поэзия.

**Кіріспе.** V-VIII ғасырдың өзінде-ақ тасқа қашалып жазылған жазуларымен белгілі болғантүркі халықтарының әдебиеті де, мәдениеті де ертеден дамығандығын айғақтайды. Орта Азия жерінде мекендерген түркі халықтары шығармаларының мәні мен мазмұнынан саналы адам болу, надандықтан қашу, ел қорғау, ел болу сияқты ортақ сарындарды байқаймыз.

V-VIII ғасырды қамтитын Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, XII ғасыр туындылары Ахмет Йұғнекидің «Ақиқат сыйы», Ахмет Иасаудің «Диуани хикмет», XIV ғасырға жататын «Оғызнама», X-XVII ғасырдың туындысы Махмұт Қашқаридың «Диуани лугат ат түрк» сөздігінде әдебиеттің дидактикалық жанрына жатқызамыз. «Дидактикалық әдебиет (грек. didaktikos – үйретуші, оқытушы) – ғылыми философиялық, моральдық, діни идеяларды, уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармалар [1]. Дидактикалық әдебиетте көркем бейнелеуден гөрі байламға пікір мен тұжырымға, ой мен идеяны әсерлі жеткізуге ерекше мән беріледі.

Ертедегі дидактикалық шығармаларда оқырмандарға жақсылықты насиҳаттау, ғибрат, өсиет айту, діни уағыздар айту арқылы ой салу идеялары аңғарылады. Дидактикалық шығармаларда адам бойындағы кішіпейілділік, имандылық, адамгершілік қасиеттер талданып, оған қарама-қарсы мақтаншақтық, бейшаралық, надандықтың зиянды жақтары талданады.

Көне шығыс әдебиетінде де дидактика жанры ертеден қалыптасқан деуге болады. Шығыс жұлдыздары: Омар наям рубайлары, Сағди, Жәми, Руми, Низами, Фирдоуси, Науай дастандарының ой-тұжырымдарынан кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне әсер ететін гуманистік идеяларды байқауға болады. Олардың ғибратты шығармаларының танымдық, тәрбиелік маңызы зор. Бір-біріне шығармашылық түрғыда әсер еткен, түркі жұрты ойшылдарының мақсаты бір, идеялары үндес.

Қазақтың белгілі ақыны Абай Құнанбайұлы Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқып

жүргенде шығыс ақындарының шығармашылығына дең қойған. 14 жастағы Абай Фуали, Шәмси, Сәйхали, Науай, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз сияқты ұлы тұлғаларға арнап елеңде шығарады. Ол өлеңінен жас Абайдың оларды ұлғі тұтқаны, оларға еліктегені байқалады. «Абай алғаш ақындыққа бой ұрған кезінен бастап, Шығыс ақындарының өлең – жырларын көп қызықтағаны, кейінірек өнерде тың жаңа өріс іздеген тұсында орыс классиктерінің, Еуропа ақындарының да шығармаларынан мол әсер алғаны талассыз» [2].

Жасынан өлеңге әуес Абай өз шығармашылығында өмір сүрген дәүірінің бейнесін ашып береді. Әрбір шығармасында саналы қоғам қалыптастыру үшін, адамның өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі, адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіру жолдарын көрсетіп береді. Ал, Абай ұлғі тұтқан Әлішер Науай 1441-1501 жылдары өмір сүрген өзбек халқының ұлы ақыны. «Науай есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында Гомер мен Данте, Рудаки мен Фирдауси, Низами мен Шота Руставели, Сағди мен Жәми, Шекспир мен Бальзак, Пушкин мен Толстой сияқты ұлы сөз зергерлерінің есімдерімен қатар тұрады» [3, 123]. Ә.Науай өз шығармаларын парсы тілінде жазған екен. Ақынды әлемге танытқан «Хамса» еңбегі еді. Хамса – бес дастаннан тұрады. Әрбір дастанның астарында адам бойындағы нашар қасиеттер: екіжүзділік, сатқындық, қоғамдағы ұрлық, жағымпаздық т.б. теріс пиғылдар сынаған. Тәрбиелік мәні зор сөздерін оның дидактикалық сарындағы афоризмдерінен, өсімет-кеңестерінен де көре аламыз. «Ә.Науайдың дастандары маҳабbat тақырыптарымен қатар, достық, табиғат, қоғам, адам мен оның міндеттері туралы философиялық ойлармен көмкөрілген. Сонымен бірге, Науай ғазалдарында қоғамның кері тұстарын, яғни, дін басылардың екіжүзділігін, феодалдардың қатыгездігі мен ашкөздігін, билік басындағылардың халықтың мұн-муқтажын ойламауын астарлы түрде шебер әшкерелеп жазады» [4, 56].

Өз шығармаларында дидактикалық-философиялық ойды анық беретін белгілі Әзіrbайжанның ұлы ақыны – Низами Гәнжави. Ол 1141 -1209 жылдар аралығында өмір сүрген ойшыл. Жасынан алғыр Низами зеректігінің арқасында ерте жан-жақты білім алып, өзі де өлең жазумен айналысады. Оның атақты Хұсрау-Шырын, «Сырлар қазынасы», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті ару», «Ескендір наме» дастандары қандай жағдай болмасын әрбір адам ізгілікten таймау қажеттілігін баса айтып отырады. Аты аталған түркі халықтары әдебиетінің көрнекті өкілдері Низами Гәнжави, Әлішер Науай, Абай Құнанбайұлының ұстанған моральдық принциптері бір-бірін толықтырып отыратынын байқауға болады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Түркі тілдес халықтарға: қазақтар, қырғыздар, әзіrbайжандар, қарақалпақтар, түрікмендер, өзбектер, түріктер, ұйғырлар, башқұрттар, татарлар, т.б. Орта Азияны мекендерген түркі жұрты жатады. Әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы бір-біріне ұқсас келетін түркі тілдес халықтардың әдебиеті мен мәдениеті дамып, жекелеген тұлғалары «Түркі халықтары әдебиетін» қалыптастырыды. Түркі халықтарының ғана емес, біз қарастырғалы отырған әлем әдебиетінің алтын қорына кірген белгілі ақындар: А. Құнанбайұлы, Н. Ганжауи, Ә. Науай шығармашылықпен айналысып қана қоймай, ел тағдырына, ел мұддесін қорғау ісіне араласты. Аталған ақындардың шығармашылық байланысы, сабактастығы туралы қазақ ғалымдарының ғылыми-зерттеу енбектері бар. Мәселен, жазушы, академик М. Әуезовтің «Әлішер Науай» зерттеу макаласында Абай мен Науай шығармаларын салыстыра келе, «тілдері түсінікті болған соң Низами, Науай Абайға әсер етті» [5, 78] дейді. «Тілдері түсінікті» дегені, Абай жастайынан парсы тілін, шағатай тілін білгендейтін, шығыс классиктерінің шығармаларымен жете таныс болған. «Шағатай тілі ( жағатай; ұғ. چاغاتاي – chig‘atoy) – бір кездері Орталық Азияда кең таралған, қазір өлі тілге айналған түркі тілі. «Шағатай» сөзі Шағатай ұлысының атынан келіп шықкан. Шағатай хандығы Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның атымен аталған. Осы тілде сөйлеген көптеген Шағатай түріктері мен татарлар өздерін Шағатайдың ұрпақтарына жатқызған» [6]. Шағатай тілі қолданыста болмағанымен, сол тілдегі көне жазбаларды түсіну үшін тіл ғылымында арнағы зерттеулер жүргізілді. «Орта Азия түркі тілдерінің екінші кезеңін құрайтын Шағатай тілі, шығыс түркі тілдерінің XV-ғасырдан XX-ғасырдың алғашқы жылдарына дейін қолданылған жазба тілі болды. Әлішер

Науай қайтыс болғаннан кейін, әдетте оның шығармаларын түсіну үшін, Ислам әлемінің тұқпір-тұқпірінен көптеген сөздіктер жазыла бастады. Шағатай сөздіктері Орта Азия, Иран, Үндістан және Анадолы қазіргі Түркия жерлерінде жазылды. Сондай-ақ шағатай тілі – түркі лексикографиясының мектебін қалыптастырыды» [7, 15]. Түркітанушы ғалым, М.Мелиоранский «Турецкие диалекты и литература» [8, 79] еңбегінде түркі тілдерінің шығу тегі, тарихы, жалпы грамматикасына, диалектілік ерешеліктеріне назар аудартады.

Жалпы, қазақ-өзбек – әзіrbайжан әдеби байланысы контекстінде Абай мен Науай, Абай мен Низами есімдері қатар аталатыны байқалады. Мәселен, әдебиеттанушы Р.Бердібайдың «Науай мен Абай» [9, 65] атты зерттеу мақаласында Абай поэзиясының Науай шығармаларымен байланысы, үндестігі талданған. Түркі халықтар әдебиетін зерттеуші К. Сейдановтың «Абай және Орта Азия әдебиеті» [10, 56] атты ғылыми зерттеу еңбегінде Э. Науаймен қатар Абай Құнанбайұлы шығармашылығының туысқан халықтар әдебиетіне ықпалы, түркі халықтары әдебиетінің даму бағыты жан-жақты қарастырылған. Қазіргі кезеңде де Абай шығармашылығын түркі халықтар шығармашылығымен салыстыра зерттеу дәстүрі жалғасып келеді. Әзіrbайжан ақыны Низами Ганжауи шығармашылығы шығыстанушы Θ. Құмісбаевтың «Шығыс шайырлары» [11, 56]. Абайтанушы М. Мырзахметовтің «Абай және Шығыс» [12, 113] еңбектерінде белгілі ақындардың туындылары тарихи-мәдени аспектіде қарастырылып қана қоймай, түркі әдебиетіндегі шығыстық сарын талданады. Байқап отырғанымыздай, қазақ әдебиеттануында түркі халықтар әдебиеті Абай есімімен байланыстырыла қарастырылатынын көруге болады. Әдебиеттанушы А. Сейітова «Абай мен Низами поэмаларындағы Ескендір бейнесі» [13, 45] тақырыбында салыстырмалы зерттеу жүргізуі, әлі де түркі халықтары әдебиетіндегі компаративистік түрғыда талдау әдісі өзекті екендігін білдіреді.

Түркі әдебиетін зерттеушілер Ә. Қоныратбаев пен Т. Қоныратбаев X–XV ғасырлардағы Қазақстан және Орта Азия мәдениетінің сабактастығын қарастыра отырып, Абай Құнанбайұлы, Н. Ганжауи мен Э. Науайдің шығармаларындағы көне заман келбетін көрсете отырып, туындылары реализм әдісіне жататындығын дәлелдейді. Олардың шығармаларындағы ортақ сарындарды айқындаі келе, түркі халықтарының туыстық жақындығын айқындаиды. Біздің мақсатымыз аты аталған ақындардың шығармаларындағы дидактикалық ортақ сарындарды салыстырмалы-салғастырмалы тарихи әдіс арқылы қарастыру.

**Талқылау мен бақылау.** Низами Ганжауимен Әлішер Науай орта ғасыр мәдениетінің гүлденген кезеңі – XV ғасырда, Абай Құнанбайұлы XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында феодалдық заманда өмір сүрді. «Абай өмір сүрген заман XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің тұрмысын, қоғамдағы рушылдық, кедейлердің ауыр тұрмысы, байларға қызмет етіп жүрген жалшылардың өмірі, адам еңбегін қанайтын әділетсіз феодалдар, рулар арасындағы бітіспес жер дауы, мал дауының өршіп тұрган тұсы еді» [14, 124]. Екі ғасырдың тарихи кезеңдері, саяси жағдайы екі түрлі болса да, ақындардың ұстанымы, қарапайым халыққа көзқарастарын, жалпы арман-мақсаттарында ұқсастықтарын байқаймыз.

Әзіrbайжан ақыны Низами Ганжауи Әзіrbайжанның Ганжа қаласында дүниеге келген. Негізінен шығармаларын парсы тілінде жазған. «XI-XII ғасырларда Тұран, Иран, Кавказ жеріндегі хандықтар ұсақтап, олардың тақ үшін жауласуы, ел талау әрекеттері күшнейеді. Соғыс шығындары еңбекші елге ауыр тиеді. Әйел басында еркіндік болмайды. Халықтың ауыр халін жырлаған ақындарды әзіrbайжан хандары зынданға тастап өлтіреді. Дәл осындағы тарихи кезеңде хандар билігін батыл сынап, халыққа болысқан, өзінің «Хамса» (Бес дастан) жырлары арқылы әділет, еркіндік, адамгершілік идеясын жақтаған ақындардың бірі – Низами» [15, 48]. Бес хамсасы: «Жүрек қазынасы», «Жеті сұлу», «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсрау-Шырын», «Ескендірнама» деп аталынады. Ақынның қай шығармасында болсын адамның ар-үжданы басты мотив деуге болады.

Низамидің шығармалары көбінесе аңызға құрылған, халық ауыз әдебиетінің элементтерінен тұрады. «Жүрек қазынасы» [16, 78] дастанында өзіне бағынышты халыққа жаны ашымайтын, зорлық-зомбылық көрсететін ханның ісін мысал арқылы көрсетіп, әділетті хан болу керектігін тұспалдан жеткізді. Шығармадағы басты кейіпкер – Наушараун хан. Өзінің уәзірімен аң аулап жүрген хан өзара шұрқырасып отырған екі құсты көреді. Уәзірінен құстар не туралы сөйлесіп отырғанын сұрайды. Уәзірі екі құстың бір-бірімен құда болып отырғанын, қалың мал есебіне қыз берушілер елі мекен ететін шағын ауыл сұрағандығын, қыз алушы келісімін бере отырып, Наушараун хан кезі келгенде қыстақтарды (ауыл, елді мекен) қирататынын ескертіп отыр дейді. Өзінің кемшілігін түсінген хан, осыдан кейін еліне әділ қарап, зорлық-зомбылық жасағанын қойыпты дейді. Низамидің бұл шығармасын ел басшыларына ой салатын, мәні зор туынды деуге болады. Низамидің қай шығармасын алып қарасақ та, билік басындағы патшаларға, хандарға ғибратты ой салады. «Хұсрау-Шырын» мен «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарында екі жастың маҳаббатын көрсете отырып, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті ашып көрсетеді. Сондай-ақ, әділетті патша және әділетсіз патша образдарын ашып береді. «Хұсрау – Шырын» дастанында басты кейіпкерлері Шырын мен Хұсрау ғашық жандарғана емес, екеуі де екі елдің патшасы. Шырын әділетті патша, халық қамқоршысы. Ол Хұсрауды да әділетті патша болуға бейімдейді. Яғни, «Шырын өз елінде ғана емес, сүйген жігіті Хұсраудың мемлекетінде де әділдік пен тыныштық, дәулетті, тұрмыс – тіршілік орнатуға барынша күш салады». Низами Шырын образы арқылы мемлекетті қашанда әділ жандар басқаруы керек деген ойды айтады. Низами шығармаларын үгіт-насихатқа құрылған дидактикалық поэзияға жатқызамыз. Жалпы, дидактикалық мазмұндағы шығармалар гуманистік сарынға құрылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Ә. Науай мен Абай туындыларын дидактикалық поэзия үлгілеріне жатқызамыз.

«Әлішер Науай мен Абай Құнанбайұлы да әділет пен адамгершілікті, пәк сезім мен таза маҳаббатты, адалдықты, азаматтықты өз шығармаларында дәріпте, барлық ой-түйіндерін ақ қағазға түсіруді басты мақсат етеді. Жауыздыққа, зорлық-зомбылыққа тікелей қарсы шығып, достық пен ынтымақ, бірлікке, тендікке айрықша мән береді» [10, 62]. Олардың мақсаты халқының көзін ашып, білім алуға шақырады. Әр шығармаларында мейлі өмір, қоғам жайлы болсын астарында халықты адамгершілікке, адалдық пен әділеттікке үндейді.

«Әлішер Науай – ортағасырлық қоғамды терең сынаған үлкен реалист, гуманист ақын» [4, 78].

Науай өмір сүрген кезең Орта Азияда хандық биліктің күшейіп тұрған кезі еді. Науай сарай ақыны болудан бас тартып, Низамиге еліктеп «хамса» жазды. Хамсаларының сюжетін Низамиден алғанымен жаңа идеямен дидактикалық сарында жазып шығады. Хамсалары: «Фархад-Шырын», «Ләйлі – Мәжнүн», «Ескендір қақпасы», «Жеті ару», «Сырлар қазынасы» деп аталынады. Бұл шығармаларында Науай өз заманындағы әділетсіздікті сыйнайды. Әсіресе, Ә. Науай мен Абайдың шығармаларында елді басқарудағы әділетсіздіктерсатира тілімен айтылады.

Ә.Науай ақындықпен ғана айналыспай, Астрабад қаласындағы Гүлстан провинциясының орталық қаласы Горганда басшылық жасайды. Қала мәдениетін көтеріп, халықтың тұрмысын жақсарту үшін еңбек етеді. Жастардың білім алуы үшін медреселер, мектептер салдырады. Мешіттер мен емханалар санын көбейтеді. Хорасанның астанасы Герат қаласында мұсіншілер, суретшілерді, жұмылдырып қаланы көркейтті. Фалымдарды жинап, Герат кітапханасын қалыптастыруға үлес қости. Абай Құнанбайұлы да 1872-1874 жылдары қазақ даласындағы Тобықты болысина, 1876-1878 жылдары Коныр - Көкше елінде болыстық қызмет атқарады. Абайға болыс болу оңай болмады, себебі, 11 рудан тарайтын халықтың үйымшылдығы әлсіз еді. (Ру дегеніміз арғы тегі бір атадан тарайтын туыстар). Әркім өз туысын билікке қоюға таласады. «Әр рудан қосылған болыстық ішінде түрлі талас-тартыстар да шығып, ұрлық, барымта көбейіп, бір-бірінің үстінен арыз-шағымдар да көп болып, елдің берекесі кете бастапты. Енді оларға болыс сайламақ

болғанда талас-тартыстың көп болатынын сезгендіктен «сырттан болыс қою керек, яғни ояз бер жандаралдың өз үйгаруымен қойылсын» деген шешімге келеді. Және де елді дұрыс жолға салатын әділ мықты адам болсын деседі. Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов естелігінде айтылғандай: «Сол Коңыркөкше болысына ояз бер жандаралдың лайықты деп тапқан адамы Абай болады. Сайлаусыз «назначение» үйгаруымен болыстыққа Абай сайланады [17, 34]. Абай болыс болған жылдары халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, әділ басшы болады. Ел ішіндегі мал дауы, жер дауы, жесір дауына дейін арапасып, әділ би болады. Айналасындағы жастарды оқу-білімге үгітеп, шәкірттер дайындал, Семей қаласына оқуға жіберіп отырады. Таным, түсінігі төмен, мінездері қыңыр адамдарды барынша тәрбиелеуге тырысады. Басшы болса да, қаламын қолынан тастамай тәлім-тәрбиесі мол өлеңдер жазады. Ишкі мұнын, құйзелісін қағаз бетіне түсіреді. Жалпы, Абай өзіне дейінгі ел басқарғандардың басқару этикасына көңілі толмайды. Болыстардың портретін өлеңдерінде бейнелейді.

*«Болыс болдым мінеки,  
Бар малымды шығындан.  
Түйеде қом, атта жал  
Қалмады елге тығындан.  
Сүйтсе дағы елімді  
Ұстай алмадым мығымдан.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындан.  
Әлсіздің сөзін салғыртсын,  
Шала ұғамын қырындан.  
Сыяз бар десе жүргегім,*

*Орнықпайды суылдан»* [18, 82] – деп, өз-өзіне сенімсіз, елдің жағдайын жасауды емес, басшы болу үшін тек жоғарыдағыларға сыйлық, пара беруді ғана ойлайтын басшылардың бейнесін осы өлеңде анық көрсетіп, өз дәүірінің шындығын аша түседі. Бұл орайда белгілі академик З.Ахметов аталған өлең жөнінде: «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңі болыстың монологы түрінде құрылып, кейіпкердің атынан оның өз аузынан шыққандай болып отырған іс-әрекет, мінез-қылыштары арқылы сол болыстың тұтас бітімді сом тұлғасы жасалады. Осынау кейіпкердің бір сәт ойға кетіп, болыстыққа жету үшін қандай қам жасағанын, қанша малын шашып әуреге түскенін, болыс болғандағы іс-әрекеттерін, әртүрлі адамдармен қарым-қатынасын нанымды бейнелеген» [2] – дейді. Сондай-ақ, бұл өлеңде елдің емес, өз басын ғана ойлайтын болысты мысқылдайды. Ақымақ басшылар мен байлыққа тоймай, байығанның үстіне байысам деп ойлайтын адамдарды сынайтын өлең жолдары Науайде де кездеседі. Мысалы: «Боқтыққа тоймаган сараң бай алтыннан шапан кисе де боқтыққа үймелеген шыбын секілді» деп, қара басының қамын ойлайтын, әгоистбасшылардың образын ашып береді.

*Бай болсаң да, артылмасын қанағатың пақырдан,  
Көпшіліктен шықпа артылып, білемін деп ақылдан.  
Бек мұләйім, сынық болып елге билет басыңды,*

*Қас табылар залым болсаң алыстан да жақыннан* – деген өлеңінде баймын деп, астамсып кетпей қанағатшыл, қарапайым болуды, елден биіктемеу керектігін айтады. Дұрыс басшы бола алмай, өзім ғана білемін деп өркөкірек, залым болсаң дұшпанында көп болатынын ескертеді.

Әлішер Науай мен Абай Құнанбайұлы адамгершілік құндылылықтарды жоғары бағалағаны ғибратты сөздері бар. Ол «Абайдың қарасөздері» деп аталса, Ә. Науайде «Газалдар» [2, 56] – деп аталынады. Абай: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп өзінің, туысының қамын, жеке басын ғана ойламай, көпшіл болу керектігін жалпыадамзаттық мәселелерді ойлайтын, проблемаларды шешуге талпынатын адам болу керек деген ойды айтады. Шынында да, әр адам өзін ғана емес, халықтың қамын жасауға талпынса қоғамның да жағдайы жақсаратыны анық.

Ә. Науайде бір-біріне ұқсамайтын адамдардың болатынын, бірақ бәрі «Адам» деп

аталғанымен, сол атқа лайық болмайтынын күйіне айта отырып: «*Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур, одамларда одамлар бор, хайвон ундан яшиидур*» деген екен. Яғни, жақсы адамдарда бар, хайуаннан да жаман адамдар бар екенін ашына айтып, «*Одамий эрсанг демагил адами, Ониким йүк халқ гамидин гами*» деп «Адам» атауына лайықты болып, көпшіл болып, халыққа да жақсылық жаса деген ойды жеткізеді. Абайда:

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң

Қайда барып оңайын?! – деген өлең жолдары бар. Абай бұл өлеңінде

«Адам» деген есімге жауапкершілікпен қарайтынын, адам болған соң надан, яғни, білімсіз, қаранды, тәрбиесіз, мәдениетсіз болмау керектігін айтады. Ал, айналаң надан болса, өзін ғана білімді адам болсаң оның не пайдасы бар деген астарлы ой жатыр.

Адамның мінез-құлқы, болмысы, жаратылышы, сана-сезіміндегі ерекшеліктері туралы екі ақынның шығармашылығында көбірек айтылады.

Демек, «Адамтану» мен «Адам болу» ілімі ұлы ойшылдардың шығармашылығындағы басты бағыты деуге болады. «Адам болу үшін, білімге ұмтылу керектігін барынша түсіндіреді. Білімді мен білімсіз адамның ерекшеліктерінде көрсетеді.

Абайдың «Фылым таппай мақтанба...» өлеңінде жастарды жігерлендіреді. Сондай-ақ, «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, кеңілі ойлы» адамдарға ұміт артып, олардың жүргегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылдырады. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындағы асыл қасиеттерді үағыздау Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды [20, 47]. Осы өлеңде кездесетін:

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсөнзі...

Абайдың талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деп талдап айтып отырғаны Адамдың қасиетке жетуге қажетті дүниелері. Абайтанушы, профессор Ж.Дәдебаев «Абайдың антропологиязмі» [21, 47] атты мақаласында: «Кісінің өзінде ой, ойында көз болуы туралы қағидасын ақын екі түрлі образ-бейне арқылы негіздейді. Рақымдылық пен залымдық, қанағат пен тоғымсыздық, терең ой мен надандық, еңбек пен еріншектік, талапшылдық пен ынжықтық. Абай ілімінде адам боламын дегеннің бойында осы бес асыл қасиет тоғысуы қажет. Тоғысқан кезде – кісі толысады. Толысқан кезде оны кемел деуімізге негіз бар. Хакім бес асыл қасиеттің мән-маңызын деңгей-деңгейге бөліп саралайды». Екі ақынның бір-бірін толықтырып отыратын ғибратты сөздерінен елінің жарқын болашағын ойлайтын даралығын байқаймыз. Адамның ақыл-ој, сезім дene бітімі жағынан хайуандардан артықшылығы адамға деген құдайдың аса зор махаббатынан деп білген Абай адамның жаратылышына ұлken мән берген. Өзінің 38-қара сөзінде: «Гақлия дәлелім: құдайтағала бұл ғаламды ақыл жетіспейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірінен бірі пайда алатұғын етіп жаратты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесін хайуанды жаратып, жанды хайуандардан ақылды инсанды жаратыпты...» [22, 12] – дей келіп, жаратушының адамды ерекше артық әрі махаббатпен жаратқанына оқырманның көзін жеткізеді де, адамға ұлken міндет жүктейді. Яғни, жаратушы сені барлық жағынан (дене, көрік, ақыл, сезім) артық етіп, ерекше жаратқан. Сен жаратушының саған берген артықшылығын, сыйын пайдалан, адам деген атқа лайық бол. «Адам екі аяғынан тік басып, тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке лайықты» - десе, 27-сөзінде [22, 65], «Дүниенің көрінген həm көрінбеген сырын түгендереп, ең болмаса дәлелін білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады» дейді. Бұл алынған дәйектемелерден шығатын қорытынды Абай адам болып жаратылған соң надан болуға қақын жок, егер надан болсан, хайуан болғаның деп адамға жоғары талап қояды. Науай мен Абайдың «Адам болу» тұжырымдары өзектес.

Әлішер Науайдің: «Гажайып мәжілістер» [23, 19], «Жақсылардың таңдануы» [24, 87] – атты еңбектері дидактикалық түрғыда жазылған. Бұл еңбектерінен агаңтушылық, педагогикалық көзқарастарын байқаймыз. Науаид Абай сияқтың халқын отырықшылыққа шақырады. Отырықшылық дегеніміз халықтың бір жерде қоныстануы, тұруы. Жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты көне түркі тайпалары ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Қос ақында оқу-ағарту ісін дамыту үшін отырықшылық мәдениеттің қажеттілігін білген. Науай бұл ойын «Бес қайрат» - адам, оның ақыл-ой қабілеттері мен тәрбиесі туралы» деген еңбегінде талдап жазады.

«Педагогикалық көзқарасын, философиялық көзқараспен ұштастыра отырып, ол барлық адамдар бірдей тең рухани қабілеттіліктен туады, бізді, жеке тұлғаны, жеке адамды адам ететін тек ғана тәрбие деді. Тәрбие өз кезегінде еңбектен туындалап еңбек тәрбиесінің негізін салады деп ғылыми тұжырым жасады». Науай өзі өмір сүрген замандағы еңбек пен еңбек тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмағанын сынай отырып, таза еңбекпен мақсатқа жету үшін барлық адамның тәрбиелі болуын бірінші кезекке қояды. Тәрбие мен еңбек қатар жүрсе ғана қоғамның алға дамитынын айтады. Әлішер Науай – «Тәрбие арқылы ғана азаматтар, барша халық өздерінің жеке басы мен ұлттық қамқорлығын ұштастыра біletін патриоттарды тәрбиелейді» – деді. Науай адамның ақыл-ойы мен ғылымын жоғары бағалады. «Білім мен даналық - адамның сәні», – деуінде үлкен мән бар. Оның поэзиялық және прозалық шығармаларында білім беру мен оқыту мәселелері кеңінен ұсынылған. Науай жас ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті арттырып, бір-бірін құрметтеуге шақырады. Оның әр шығармасында адамгершілік және еңбек тәрбиесі маңызды орын алады. Алишер Науай білім алуға деген күш-жігер жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеудегі ең қажетті қадір-қасиет екенін атап көрсетеді. Ол білім адамзат пен адамдарды надандық пен ашудан құтқаратын фактор деп анықтайды. «Науайдың ғұламалығы жеке адамға деген мейірбандығы, адамды қоғамдық деңгейге дейін көтерудегі еңбек пен еңбек тәрбиесін, тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, саяси бағдарламасын қоғам өмірімен байланыстыра білуі» деген болатын. Сондай-ақ, М.Әуезов «Науай өз елін еңбек етуге, отырықшылыққа егін егуге, бау-бақшада жұмыс істеуге үйреткен, өзі қолма-қол жұмыс істеген, өзіне саябак құрып алған. Жұртын соған шақырған. Адам өмірі еңбекке негізделуі қажет деген Науайдың үлкен өсіеті» [25, 69] – деген еді. Ә.Науай «Умирини зайъе этма, мехнат қил, Мехнатни саодатининг калиди бил» (өмірді босқа өткізбе, еңбек ет) – деп тұжырымдайды.

**Нәтижелер.** Әлішер Науай армандаған жан-жақты дамыған адам тек білім алумен ғана шектелмейді. Оны тұлға ретінде анықтау үшін оның бойында келесі қасиеттер болуы керек: шыдамдылық, жомарттық, шыншылдық, тәрбие, адалдық және т.б. Ә.Науай шығармалары даналыққа, гуманизмге, көрегендікке толы, бейнелерді беру кезінде шығыс дәмінің талғампаздығымен адамзат құндылықтарына бағытталған. Тіліміздің әсемдігінің керемет күшін, сөйлеуіміздің әсемдігін, парасат пен ойлау логикасын көрсететін көркем жілтер - халқымыздың ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесі мен құнделікті өмірінің айнасы [26, 89].

Абай болса «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деп еңбек тәрбиесіне баса назар аудартады. Ақын саналы еңбектің нәтижелі болатынына сендерді. Әрине, өзіңе сену үшін білімнің керек екені рас. Ол үшін, ғылым мен білімді дамыта түсіді өсіет етеді. Сондай-ақ, «өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызына еңбек қылсан, алланың сүйген құлының бірі боласың», - деп, тек жеке басыңа ғана еңбек етпе, халыққа да пайдаң тисін деген идеяны да айтады.

«Абай халықтың болашағы жастардың қолында деп білді. Өз өлеңдерін де көбіне соларға арнады. «Талапты ерге нұр жауар», «Еңбек етсөн ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, ең болмаса еңбекпен мал табалық» деп өнер іздеуге, адал еңбек етуге шақырады. Абай өз шығармаларында елдің ел болуы халықтың өзін-өзі тәрбиелеуіне, қоғамның көртартпа әдеттерден арылуына байланысты деп білген» [27, 89]. Байқап отырғанымыздай Науай мен Абай адап еңбекті мұрат тұтады. Олардың шығармалары адамдыққа, адап еңбекке баулиды. Екеуінде тәрбие ілімінің негізін салушылар деп бекер

айтпаса керек. Шындығында да, туысқан өзбек хал-қының аса данышпан ақыны, ірі мемлекет қайраткері, әрі кеменгер ғалымы Әлішер Науай есімі, оның шығармалары қазақ халқы арасына да кең тарағандығы соншалық, ол өз ақынындай қадірленіп, ылғи да қастерлене тілге алынады. Мәселен: қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, данышпан ақын Абай Құнанбаев, Шығыс шайырларын, оның ішінде Әлішер Науайды да өзіне ұстаз ретінде танып, оның інжу-маржандарынан рухани нәр алған болатын.

**Қорытынды.** Дидактикалық әдебиет түркі тілдес халықтардың белгілі ойшылдарынан бастау алады деп батыл айта аламыз. Себебі, Жұсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» және Ахмет Иассаудің «Даналық кітабы» еңбектері дидактикалық сарында жазылған көркем сөз туындыларының ең ғажайып үлгілері деп саналады. Бұл еңбектерде адам баласына ой салып, жол көрсететін әлі де маңызын жоймаған мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өсінет-ғибраттар молынан кездеседі.

Біз осы мақаламызда дидактикалық сарынды жалғастыруши түркі халықтар әдебиетінің көрнекті өкілдері Н. Ганжауи. Ә. Науай, А. Құнанбайұлы шығармаларының идеялық мазмұны мен көркемдік дәстүр жалғастығын, аталған ақындардың өзара сарындағы сипаттар мен үндестік сырларына назар аудардық.

– Н. Ганжаудің «Хамсалары» дидактикалық сарында жазылған түркі халықтар әдебиетіндегі «әділ басшы» болу идеясын насиҳаттайтын туындылар;

– Ә. Науай шығармалары - адам тәрбиелейтін, адамгершілік қасиеттердібойға сіңіретін классикалық канондар;

– Абайдың бірқатар өлеңдері мен «Қара сөздері» дидактикалық жанрда жазылған. Қазіргі кезде де, оның туындылары қазақ әдебиетінде тәрбиелік мақсатта қолданылып келеді.

Аталған үш ақынның ғибратты сөздерінде: өмір мен өлім, махабbat, табиғат, сұлулық т.б. мәнгілік тақырыптарды бейнелеген. Әр туындыларында зұлымдық пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұрады, ішкі соғыстарды қаралайды, билеушілердің қатыгездігі мен инерциясын, дін қызметкерлерінің белгілі бір бөлігінің ашқөздігін әшкерелейді. Олар адам бойындағы «әдептілік пен адамгершілік» ең маңызды фактор деп санайды. Әдептілік адамға қоғамда өз орнын табуға, жоғары дәрежеге ие болуға көмектеседі. Олар үшін тәрбие – адами қасиет қалыптастыруши. Шыдамдылық, жомарттылық, батылдық, алғырлық, шешімділік, адалдық және т.б. қасиеттер адамның дәрежесін көрсететінін батыл да, анық айтады. Аталған ақындардың шығармаларын талдай отырып, өмірлік ұстанымдарының ұқсас екенін байқаймыз. Сондай-ақ, ақындардың шығармалары түркі тілдес халықтардың ақындарына әсері болғандығын айғақтай аламыз. Мәселен, Шоқан Ұәлиханов өзбек әдебиетінің класигі Әлішер Науайды Еуропа және Азия ғалымдары арасында бірінші болып, ерекше құрметпен тілге алған болатын. Ол өзінің 1857 жылы Қашғария жайлы жазған очеркінде: «Қара тұнекті халықтың жалғыз сәулесі – Әлішер Науайдың шығармалары болды» – десе, ғұлама ғалым М. Әуезов: «Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науай мол әсер еткен [25, 147] – дейді. Жалпы, түркі халықтар әдебиетінің классиктерінің шығармалары ұлттық сананы оятып, ұлттық рухты көтеруде әлі де маңызды болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Дидактикалық әдебиет <https://kk.wikipedia.org>
2. Құнанбайұлы А. Шығармалары. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.
3. Келімбетов Н., Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.
4. Жеменей И. Түркі халықтары әдебиеті тарихына кіріспе. – Алматы: Қаз.университеті, 2019. – 274 б.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы: Жазушы, 1987. – 265 б.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2007. – 506 б.
7. Абуова А. Шағатай тілінде жазылған сөздіктер. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/146351/118/3/13219/0/>
8. Мелиоранский М. Турецкие диалекты и литература. – М: Наука, 1979. 348 с.

9. Бердібай Р. Науай мен Абай. //Социалистік Қазақстан, 1960, 16 қыркүйек.
  10. Сейданов К. Абай және Орта Азия әдебиеті. Ташкент: Adabiyot, 2020. – 257 б.
  11. Күмісбаев Ә. Шығыс шайырлдары. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 351 б.
  12. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 205 б.
  13. Сейітова А. Абай мен Низами поэмаларындағы Ескендір бейнесі. Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – №2 (47). – 2009.
  14. Daurenbekova L., Imanberdiyeva S.K. Translation and interpretation of Abay's political – Social lyrics into Turkic languages. //Opción, Año 36, Especial No.26 (2020). Maracaibo – Venezuela (2020) <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31812>
  15. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
  16. Ганжауи Н. Жүрек қазынасы. – Алматы: Жазушы, 1967. – 256 б.
  17. Әубекір Ж. Абайдың болыстық қызметіне қатысты тың дерек. //<https://abai.kz/post/90040>.
  18. Құнанбаев А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1996. – 234 б.
  19. Науай Ә. Ғазалдар. – Алматы: Жазушы, 1954. – 124 б.
  20. Құнанбаев А. Өкінішті көп өмір кеткен етіп. – Алматы: Жазушы, 1998. – 147 б.
  21. Дәдебаев Ж. Абайдың трапология. /<http://anatili.kazgazeta.kz/news/55043>
  22. Құнанбайұлы А. Қарасөздер. – Алматы: Фолиант, 2002. – 125 б.
  23. Науай Ә. Гажайып мәжілістер. – Алматы: Жазушы, 1959. – 91 б.
  24. Науай Ә. Жақсылардың таңдануы. – Алматы: Жазушы, 1959. – 86 б.
  25. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 3- том. Алматы: Жазушы, 1979). – 325 б.
  26. Маматова М., Кадырова М. Педагогические и нравственные взгляды поэта и мыслителя узбекского народа Алишера Навои. // <http://ilmsarchashmalari.uz/backend/web/uploads/arxiv/2019-3.pdf>
  27. Мұратқызы Ш. Абай аманаты – адаптация – адаптация. //[http://old.baq.kz/kk/news/madeni\\_ortaliktar/abai\\_amanati\\_adal\\_enbek20161012\\_101200](http://old.baq.kz/kk/news/madeni_ortaliktar/abai_amanati_adal_enbek20161012_101200)

C.M. OMAPOBA

Международный Университет Астана (AIU), Нур-Султан, Казахстан

## **ДИДАКТИЧЕСКИЙ МОТИВ В ПОЭЗИИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены дидактические мотивы в произведениях великих мыслителей тюркской народной литературы Н. Ганжауи, А. Навои, А. Кунанбайулы. Сравниваются и анализируются проблемы обучения поэтов, всестороннего воспитания и развития интеллекта, привития нравственных качеств. Выделяются назидательные Газели, философские мысли, направленные на воспитание подрастающего поколения такими нравственными качествами, как трудолюбие, гуманизм, патриотизм, доброта, правдивость, справедливость, честность. Обращает на себя внимание тот факт, что в произведениях, представляющих научные, философские, нравственные, религиозные идеи, относящиеся к дидактическому жанру, и проповеди, назидания преобладают связка, мнение, умозаключение, заповедь, проповедь, пропаганда, а не художественный образ и образ. Азирбайжан, узбекский народный государственный деятель, выдающийся мыслитель Н. Ганжауи и А. Науай-вершина казахской поэзии, говорят, что гениальный поэт Абай Кунанбаев познал себя как учителя и получил духовную подпитку от их жемчужин. В казахской литературе на примерах доказывается, что «Карасөздері» и поэмы Абая являются традиционными продолжениями восточных дидактических произведений.

**Ключевые слова:** патриотизм, доброта, доброта, правдивость, справедливость, честность, дидактические мотивы, поэзия.

S. OMAROVA

Astana International University (AIU), Nur-Sultan, Kazakhstan

## THE DIDACTIC ESSENCE OF TURKIC PEOPLES' POETRY

**Annotation.** The author of the article considers didactic motives in the works of the great thinkers of Turkic folk literature N.Ganzhauui, A. Navoi, A. Kunanbayuly. The problems of teaching poets, comprehensive education and development of intelligence, instilling moral qualities are compared and analyzed. There are edifying Gazelles, philosophical thoughts aimed at educating the younger generation with such moral qualities as diligence, humanism, patriotism, kindness, truthfulness, justice, honesty. Attention is drawn to the fact that in works representing scientific, philosophical, moral, religious ideas related to the didactic genre, and sermons, edification, a bundle, opinion, conclusion, commandment, sermon, propaganda, and not an artistic image and image prevail. Azirbayzhan, Uzbek People's statesman, the outstanding thinker N.Ganzhauui and A. Nauai are the pinnacle of the Kazakh poetry, they say that the brilliant poet Abai Kunanbayev recognized himself as a teacher and received spiritual nourishment from their pearls. In Kazakh literature, it is proved by examples that "Karasozderi" and Abai's poems are traditional continuations of oriental didactic works.

**Keywords:** patriotism, kindness, truthfulness, justice, honesty, didactic motives, poetry.

### References

1. Дидактикалық әдебиет <https://kk.wikipedia.org>
2. Qūnanbaiūly A. Şyğarmalary. – Almaty: Raritet, 2008. – 384 b.
3. Kelimbetov N., Qanafin Ä. Türkı halyqtary ädebieti. – Almaty: Rauan, 1996. – 256 b.
4. Jemenei İ. Türkı halyqtary ädebieti tarihyna kırıspe. – Almaty: Qaz.universiteti, 2019. – 274 b.
5. Äuezov M. Är jyldar oilary. Almaty: Jazuşy, 1987. – 265 b.
6. Abai. Ensiklopedia. – Almaty: Atamūra, 2007. – 506 b.
7. Abuova A. Şaǵatai tılında jazylǵan sözdikter. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/146351/118/3/13219/0/>
8. Melioranski M. Tureskie dialekty i literatura. – M: Nauka, 1979. 348 s.
9. Berdibai R. Nauai men Abai. //Sosialistik Qazaqstan, 1960, 16 qyrküiek.
10. Seidanov K. Abai jäne Orta Azia ädebieti. Taşkent: Adabiyot, 2020. – 257 b.
11. Kümisbaev Ö. Şyğys şaiyrlary. – Almaty: Qazyğurt, 2011. – 351 b.
12. Myrzahmetüly M. Abai jäne Şyğys. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 205 b.
13. Seitova A. Abai men Nizami poemalaryndağı Eskendir beinesi. Vestnik KazNU. Seria Vostokovedenia. – №2 (47). – 2009.
14. Daurenbekova L., Imanberdiyeva S.K. Translation and interpretation of Abay's political – Social lyrics into Turkic languages. //Opción, Año 36, Especial No.26 (2020). Maracaibo – Venezuela (2020) <https://produccioncientificala.org/index.php/opcion/article/view/31812> 15.
- Qoñyratbaev Ä., Qoñyratbaev T. Köne mädeniet jazbalary. – Almaty: Qazaq universiteti, 1991. – 400 b.
16. Ganjaui N. Jürek qazynasy. – Almaty: Jazuşy, 1967. – 256 b.
17. Äubákır J. Abaidyň bolystyq qyzmetine qatysty tyň derek. //<https://abai.kz/post/90040>.
18. Qūnanbaev A. Şyğarmalar. – Almaty: Jazuşy, 1996. – 234 b.
19. Nauai Ä. Ğazaldar. – Almaty: Jazuşy, 1954. – 124 b.
20. Qūnanbaev A. Ökinişti köp ömir ketken ötip. – Almaty: Jazuşy, 1998. – 147 b.
21. Dädebaev J. Abaidyň antropologizmi. /<http://anatili.kazgazeta.kz/news/55043>
22. Qūnanbaiūly A. Qarasözder. – Almaty: Foliant, 2002. – 125 b.
23. Nauai Ä. Ğajaiyp mäjilister. – Almaty: Jazuşy, 1959. – 91 b.
24. Nauai Ä. Jaqsylardyň tañdanuy. – Almaty: Jazuşy, 1959. – 86 b.

25. Äuezov M. Шығармалар жинағы. 3- том. Almaty: Jazuşy, 1979). – 325 b.
26. Mamatova M., Kadyrova M. Pedagogicheskie i nravstvennye vglady poeta i myslitelä uzbekskogo naroda Alişera Navoi. // <http://ilmsarchashmaliari.uz/backend/web/uploads/arxiv/2019-3.pdf>
27. Mūratqyzy Ş. Abai amanaty – adal eñbek. //[http://old.baq.kz/kk/news/madeni\\_ortaliktar/abai\\_amanati\\_adal\\_enbek20161012\\_101200](http://old.baq.kz/kk/news/madeni_ortaliktar/abai_amanati_adal_enbek20161012_101200)

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Омарова Сауле Муханбеталиевна** – педагогика ғылымдарының магистрі, Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Омарова Сауле Муханбеталиевна** – магистр педагогических наук, старший преподаватель Международного Университета Астана (AIU), Нур-Султан, Казахстан

**Omarova Saule Mukhanbetaliievna** – Master of Pedagogic science, senior lecturer of Astana International University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**  
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.  
Филология сериясы. – 2022. – 1. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 95 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.